

Фазылхан Бәйімбетұлы атындағы дәрісхана ашылды



Ы.Алтынсарин атындағы АрқПИ жанындағы физика және математика кафедрасында профессор, физика-математика ғылымдарының докторы Фазылхан Бәйімбетұлына арналған дәрісхана ашылды.

Шараның ашылу салтанатына институт ректоры - Сейтбек Бекенұлы, оқу және ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор м.а. - Нұрлыхан Мұқанұлы, жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің деканы - Әбілхан Үмбетұлы, ғалымның туысы - Құсайынов Рамазан қажы Қасымұлы, профессорлық оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты. Дәрісхананың керме жәбін Сейтбек Бекенұлы мен Рамазан қажы Қасымұлы қиып, Фазылхан Бәйімбетұлының ғибратқа толы өмірбаяны жайлы, білім, ғылым жолында сіңірген

ерен еңбегі жайында айтылды.

Фазылхан Бәйімбетұлы 1939 жылдың 22-ші желтоқсанында Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Саға ауылында дүниеге келген. Балалық шағы екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіне дөп келіп, әкесінен 3 жасында айырылып, қиыншылықты көріп өседі. Әйтсе де, тумысынан зерек бала қиындыққа мойымай, алға талпынуының арқасында биікті бағындыра алды.

Новосибирск мемлекеттік университетінің тұңғыш Ленин стипендиясының иегері бола жүріп, 1963 жылы оқу орынын үздік аяқтайды. 1965 жылы Тбилиси мемлекеттік университетіне Теориялық физика мамандығы бойынша аспирантураға қабылданған. 1969 жылы КСРО -ның Жоғарғы Аттестациялық Комиссиясының қаулысымен Фазылхан Бәйімбетұлына «теориялық және математикалық физика» мамандығы бойынша физика - математика ғылымдарының кандидаты дипломы беріледі.

Жалғасы 7 бетте

Фазылхан Бәйімбетұлы...

Аспирантурадағы оқуды ойдағыдай тәмамдағаннан кейін Қостанай пединститутына оралып, 1973 жылға дейін физика кафедрасында аға оқытушы, доцент болып қызмет атқарған. Осы жылы конкурс арқылы ҚазМУ-дың физиканы оқыту әдістемесі кафедрасының доценті болып сайланды. Кейін 1985 жылы Тбилиси мемлекеттік университетінің арнаулы кеңесінде диссертациясын қорғайды және оған КСРО Жоғарғы Аттестациялық Комиссиясы колегиясының шешімімен «Теориялық физика» мамандығы бойынша физика - математика ғылымда-

рының докторы деген ғылыми дәрежесі берілген.

Осынша ғылыми дәрежеге жеткен азаматтың еңбек жолы мен жетістіктері енді институт студенттеріне үлгі - өнеге болып, білім алуға ынталандырып тұрмақ.

Фазылхан Бәйімбетұлы атындағы дәрісхананың ашылуына институт ректоры - Сейтбек Бекенұлы, жаратылыстану және ақпараттандыру факультетінің деканы - Әбілхан Үмбетұлы мұрындық болса, ғалымның туысы - Рамазан қажы Қасымұлы демеушілік көрсетіп, қолдау білдіргенін айта кетейік.

Дархан АМАНТАЙҰЛЫ